

1995 жылы туылған Текелі қаласы азаматтарын Ескелді аудандық қорғаныс істер бөлімі арқылы шақыру учаскесіне тіркеуге алуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Текелі қаласының әкімінің 2012 жылғы 28 ақпандағы N 3 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Текелі қаласының Әділет басқармасында 2012 жылы 01 наурызда N 2-3-107 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы N 5 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 26.12.2012 N 5 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңы 17-бабының 3-тармағына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 33-бабы 1-тармағының 13)-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" N 371 қаулысына сәйкес, азаматтарды әскери есепке қою, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық дәрежесін және денсаулық жағдайын анықтау, әскерге шақырылушыларды алдын ала белгілеу мақсатында Текелі қаласының әкімі

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды Қарабұлақ кенті Строительная көшесі, 13 үй мекен-жайы бойынша орналасқан "Ескелді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Рудничный кентінің әкімі (Сергей Дмитриевич Вишняков) және ұйымдар басшылары (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі белгілеген мерзімде шақыру учаскесіне тіркелуге жататын әскер жасына дейінгілердің тізімін "Ескелді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне берсін.

3. Алматы облысының Әділет департаментінде нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылдың 18 қаңтарында 2-3-88 нөмірімен тіркелген, "Текелі тынысы" газетінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы 4(3007) нөмірінде жарияланған Текелі қаласы әкімінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы N 7 "1994 жылы туылған Текелі қаласы азаматтарын Ескелді аудандық қорғаныс істер бөлімінің учаскесінде тізімге алуды қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қаласы әкімінің орынбасары Сері Болысбайұлы Лепесовқа жүктелсін.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Текелі қаласы әкімінің</i>
<i>міндетін атқарушысы</i>	<i>Ә. Қанағатов</i>
КЕЛІСІЛДІ	

	<i>Ескелді аудандық қорғаныс</i>
	<i>істер жөніндегі бөлімінің</i>
<i>бастығы</i>	<i>Асан Уахитұлы Қанағатов</i>
28 ақпан 2012 жыл	